



Ғылыми мақала / Research Article

XFTAP / IRSTI 03.20.00



<https://doi.org/>

The role of Amanzhol Bulekpaev in the establishment of Akmola as the new capital of the Republic of Kazakhstan (1994-1997)

K. Akanov 

Research Institute for Jochi Ulus Studies, Astana, Kazakhstan

gazizuly85@mail.ru

Abstract. This article examines the early stages of the development of Astana, the modern capital of the Republic of Kazakhstan (1994-1997), which was then known by its historical name, Akmola. At that time, the head of the city administration was A. K. Bulekpaev, who had first taken the helm back in 1987 when he became chairman of the local city executive committee and had governed the city for a considerable period. The aim of the study is to examine the activities of A.K. Bulekpaev during the period of Akmola's preparation for gaining capital status following the address by the President of the Republic of Kazakhstan, N.A. Nazarbayev, and the decision by the country's Supreme Council to relocate the capital from Almaty to Akmola. The objectives of the study were: to examine the measures taken by the country's leadership to relocate and establish the new capital, including the development of the necessary infrastructure; to analyse the situation in Akmola and the Akmola Region during that period; to examine key stages in the biography of the city's mayor, A. K. Bulekpaev, which characterise the personality of the man entrusted with preparing what was previously a provincial town for the status of the state capital; to identify his initiatives that contributed to attracting foreign investment for the accelerated development of the new capital and its establishment as the country's new economic and political center. These include: accelerated housing construction (including the 'Samal' housing estate), the rehousing of relocated staff from central government bodies, oversight of budgetary funds allocated to the new capital, and the identification of vacant, undeveloped land suitable for large-scale residential, administrative and commercial construction, including embassy districts and social infrastructure facilities. A number of other initiatives by A.K. Bulekpaev's city administration, which contributed to the development and establishment of Akmola as a new centre for state nation-building policy, have also been examined. Particular attention is paid to the activities of the Akmola Special Economic Zone (ASEZ) and the 'New Capital' Fund. The research was based on data from the State Archives of Astana, as well as collections of documents on the history of the capital's relocation. Research findings: previously under-studied archival materials (including reports from the State Archive of Astana for 1997) have been introduced into academic discourse; data on the activities of the ASEZ and the 'New Capital' Fund have been summarised; an analysis of historiographical sources has been conducted, and other measures taken by the city administration regarding urban development, land issues and attracting investors have been analysed. It is demonstrated that it was precisely during the period 1994–1997, under the leadership of A.K. Bulekpaev, that the fundamental foundations of the capital's infrastructure were laid and mechanisms for the accelerated development of the new capital were established.

Keywords: the history of Astana, the relocation of the capital, the New Capital, Akmola, the capital's infrastructure, the Astana Special Economic Zone, the New Capital Fund

For citation: Akanov K. The role of Amanzhol Bulekpaev in the establishment of Akmola as the new capital of the Republic of Kazakhstan (1994-1997). *Journal of the National Congress of Historians*. 2025. Vol.4, no.4, pp.??-??. <https://doi.org/>

Роль Аманжол Булекпаева в истории становления Акмолы в качестве новой столицы Республики Казахстан (1994-1997 гг.)

К. Аканов

Научный институт изучения Улуса Джучи, Астана, Казахстан

Аннотация. В статье освещается начальный этап формирования истории современной столицы Республики Казахстан города Астаны (1994-1997 гг.), который тогда носил историческое наименование Акмола. В это время руководителем городской администрации был аким А. К. Булекпаев, который впервые возглавил еще в 1987 году, когда стал председателем местного горисполкома и управлявший городом на протяжении достаточно длительного периода. Целью исследования является изучения деятельности А.К. Булекпаева в период подготовки города Акмолы к получению столичного статуса после выступления Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева и принятия Верховным Советом страны решения о переносе столицы из Алматы в Акмолу. Задачами исследования являлись: рассмотрение мероприятия предпринимаемых руководством страны с целью переноса и формирования новой столицы к формированию соответствующей инфраструктуры; анализ обстановки сложившейся в Акмоле и в Акмолинской области в тот период; изучение важных этапов биографии акима города А.К. Булекпаева, характеризующих личность человека которому поручалось подготовка ранее провинциального города к статусу столицы государства; определение его инициатив, которые способствовали привлечению зарубежных инвестиции для ускоренного развития новой столицы и ее становлению как нового экономического и политического центра страны. Среди них: форсированное жилищное строительство (в т.ч. микрорайон «Самал»), размещение передислоцируемых сотрудников центральных органов власти, контроль за направляемыми в новую столицу бюджетными средствами, выявление свободных незастроенных территорий пригодных для масштабного жилищного, административного и делового строительства, включая посольские кварталы и объекты социальной инфраструктуры. Также изучены ряд других действий городской администрации А.К. Булекпаева, способствовавшие благоустройству и становлению города Акмолы новым центром политики государственного нациестроительства. Особое внимание уделяется деятельности Акмолинской специальной экономической зоны (АСЭЗ) и фонда «Новая столица». Материальной базой исследования послужили данные Государственного архива города Астаны, а также сборников документов по истории переноса столицы. Результаты исследования: введены в научный оборот ранее малоизученные архивные материалы (в т.ч. справки Госархива г. Астаны за 1997 г.), обобщены данные о деятельности АСЭЗ и фонда «Новая столица», анализ данных историографических источников, проанализированы другие меры городской администрации по благоустройству, земельным вопросам и привлечению инвесторов. Показано, что именно в 1994-1997 гг. под руководством А.К. Булекпаева были заложены фундаментальные основы столичной инфраструктуры, созданы механизмы ускоренного развития новой столицы.

Ключевые слова: история Астаны, перенос столицы, Новая столица, Акмола, столичная инфраструктура, АСЭЗ, фонд «Новая столица».

Қазақстан Республикасының жаңа астанасы ретінде Ақмоланың қалыптасу тарихындағы Аманжол Бөлекпаевтың рөлі (1994-1997 жж.)

Қ. Ақанов

Жошы Ұлысын зерделеу ғылыми институты, Астана, Қазақстан

Андатпа. Мақалада Қазақстан Республикасының қазіргі астанасы – Астана қаласының қалыптасу тарихының бастапқы кезеңі (1994-1997 жж.) қарастырылады. Бұл кезеңде қала өзінің тарихи атауы – Ақмола атауымен белгілі болды. Сол уақытта қалалық әкімшілікті А.Қ. Бөлекпаев басқарды. Ол алғаш рет 1987 жылы қалалық атқару комитетінің төрағасы болып тағайындалып, кейін ұзақ жылдар бойы қаланы басқарды. Зерттеудің мақсаты – Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың астананы Алматыдан Ақмолаға көшіру туралы бастамасы мен елдің Жоғарғы Кеңесі қабылдаған шешімнен кейін Ақмола қаласын астана мәртебесіне дайындау кезеңіндегі А.Қ. Бөлекпаевтың қызметін зерттеу. Зерттеудің міндеттері ретінде ел басшылығының жаңа астананы көшіру мен қалыптастыру, оған қажетті инфрақұрылымды дамыту бағытында жүзеге асырған іс-шараларын қарастыру; сол кезеңдегі Ақмола қаласы мен Ақмола облысындағы жағдайды талдау; бұрынғы облыс орталығын мемлекет астанасы деңгейіне дайындау міндеті жүктелген А.Қ. Бөлекпаевтың өмірбаянындағы маңызды кезеңдерді зерделеу; жаңа астананың жедел дамуы мен елдің жаңа саяси-экономикалық орталығына айналуына ықпал еткен шетелдік инвестицияларды тартуға бағытталған бастамаларын анықтау көзделді. Олардың қатарында тұрғын үй құрылысын жеделдету (соның ішінде «Самал» ықшамауданының құрылысы), орталық мемлекеттік органдардан көшірілген қызметкерлерді орналастыру, жаңа астанаға бөлінген бюджет қаражатының жұмсалуды бақылау, тұрғын үй, әкімшілік және іскерлік нысандарды, сондай-ақ елшілік қалашықтары мен әлеуметтік инфрақұрылым объектілерін салуға қолайлы бос аумақтарды анықтау мәселелері бар. Сонымен қатар А.Қ. Бөлекпаев басқарған қалалық әкімшіліктің Ақмоланы абаттандыруға және оны мемлекеттік ұлт қалыптастыру саясатының жаңа орталығына айналдыруға бағытталған басқа да іс-шаралары зерттелді. Мақалада Ақмола арнайы экономикалық аймағының (ААЭА) және «Жаңа астана» қорының қызметіне ерекше назар аударылады. Зерттеудің деректік негізін Астана қаласының мемлекеттік архивінің материалдары, сондай-ақ астананы көшіру тарихына арналған құжаттар жинақтары құрады. Зерттеу нәтижесінде бұрын ғылыми айналымға жеткілікті дәрежеде тартылмаған архивтік материалдар (соның ішінде Астана қаласы мемлекеттік архивінің 1997 жылғы анықтамалары) ғылыми айналымға енгізілді, Ақмола арнайы экономикалық аймағы мен «Жаңа астана» қорының қызметі туралы мәліметтер жүйеленді, тарихнамалық дереккөздерге талдау жасалды, сондай-ақ қалалық әкімшіліктің қаланы абаттандыру, жер қатынастарын реттеу және инвесторлар тарту бағытындағы басқа да шаралары қарастырылды. Зерттеу нәтижелері 1994-1997 жылдары А.Қ. Бөлекпаевтың басшылығымен болашақ елорданың инфрақұрылымдық негіздері қаланып, жаңа астананың жедел дамуын қамтамасыз ететін тетіктердің қалыптастырылғанын көрсетеді.

Түйін сөздер: Астана тарихы, астананы көшіру, Жаңа астана, Ақмола, елордалық инфрақұрылым, Ақмола арнайы экономикалық аймағы (ААЭА), «Жаңа астана» қоры.

Сілтеме жасау үшін: Ақанов Қ. Қазақстан Республикасының жаңа астанасы ретінде Ақмоланың қалыптасу тарихындағы Аманжол Бөлекпаевтың рөлі (1994-1997 жж.). *Journal of the National Congress of Historians*. 2025. Vol.3, no.3, pp.??-??. <https://doi.org/>

Kіріспе

Қазіргі Қазақстан тарихындағы аса маңызды тарихи оқиғалардың бірі орын алған уақыттан бері отыз жылға жуық мерзім өтті. 1994 жылғы 6 шілдеде Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев сол кезде Парламенттің қызметін атқарған Жоғарғы Кеңестің пленарлық отырысында ел астанасын Алматы қаласынан кейіннен «Астана» атауын алған Ақмола қаласына көшіру туралы ұсыныс жасады. Өз сөзінде Президент астананы Алматыдан Ақмолаға көшірудің қажеттілігін жан-жақты әрі дәйекті түрде негіздеді. Оның баяндамасын тыңдап, ұзақ талқылаудан кейін Жоғарғы Кеңес: «...Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың мемлекет астанасын Ақмола қаласына көшіру туралы ұсынысына келісім берілсін...» деген шешім қабылдады (Назарбаев 2005: 93-94). Аталған шешім 1994 жылғы 6 шілдедегі Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің қаулысымен заңдық тұрғыдан рәсімделді. Министрлер Кабинетіне (Үкіметке) астананы көшірудің техникалық-экономикалық негіздемесін әзірлеу және оны жүзеге асыру мерзімдерін айқындау тапсырылды.

Бұл күн Ақмола облысының орталығы болған Ақмола қаласының жаңа даму кезеңінің басталуын білдірді. 1992 жылғы деректер бойынша қала тұрғындарының саны небәрі 286,7 мың адамды құраған болатын (Ақмола 1995: 30). Ал 1994 жылы мамандардың мәліметтері бойынша қала халқының саны шамамен 290 мың адамға жетті (Назарбаев 2005: 19; Кабульдинов 2007: 153). Архив құжаттарына сәйкес, сол кезеңде Ақмола қаласының аумағы 254 720 гектарды (257,2 шаршы километрді) құраған¹.

Материалдар мен әдістер

Зерттеудің теориялық-әдіснамалық негізін тарихилық, ғылыми объективтілік және детерминизм қағидаттары құрады. Тарихилық қағидатын қолдану тарихи дамудың заңдылықтарын айқындауға және астананы көшіру туралы шешімнің қабылдануына негіз болған тарихи ахуалды қайта жаңғыртуға мүмкіндік берді. Ғылыми объективтілік қағидаты дереккөздерді сыни тұрғыдан зерделеуге және оқиғалардың тікелей қатысушылары қалдырған әртүрлі сипаттағы материалдарды ғылыми айналымға тартуға ықпал етті. Сонымен қатар зерттеуде проблемалық-хронологиялық және тарихи-салыстырмалы әдістер қолданылды. Бұл әдістер зерттеліп отырған мәселенің аз қарастырылған немесе толық ашылмаған қырларын анықтауға, сондай-ақ болашақтағы ғылыми ізденістердің негізгі бағыттарын белгілеуге мүмкіндік береді. Бұлармен қатар ғылыми сипаттау әдісі пайдаланылып, оның көмегімен бұрын ғылыми айналымға енгізілмеген жаңа архивтік құжаттар талдау нысанына тартылды.

Әдеби шолу

Зерттеліп отырған тақырыптың тарихнамасы астана болған қаланың қалыптасу тарихына арналған әртүрлі ғылыми еңбектерді қамтиды. Бұл зерттеулерде астананы Алматыдан Ақмолаға көшіру үдерісінің табысты жүзеге асқандығы және оның озық тәжірибесі жан-жақты көрсетілген. Ең алдымен астананы көшіру бастамасының авторы Н.Ә. Назарбаевтың еңбектерін атап өткен жөн. Онда А. Бөлекпаевтың Ақмола арнайы экономикалық аймағын құрудағы, жаңа астана тұрғындарының әлеуметтік мәселелерін шешудегі және құрылыс нысандарын салудағы рөлі ерекше көрсетіледі (Назарбаев 2005: 95-97; Назарбаев 2006: 350). Сонымен қатар Астананың қалыптасу тарихын зерттеген Г.А. Алпыспаева, Қ.Г. Ақанов, К.М. Ильясова, С.А. Бағдатова сияқты ғалымдардың еңбектерін де атап өткен жөн. Аталған зерттеулерде А. Бөлекпаевтың Қазақстанның жаңа астанасы ретінде Ақмоланы дамыту және салу үдерісіне байланысты атқарған қызметінің жеке-леген қырлары қарастырылған (Ақанов 2015).

Нәтижелер

Астана мәртебесін алғанға дейін-ақ қала мен облыстың инфрақұрылымы, тіршілікті қамтамасыз ету жүйесі, шаруашылығы және басқа да салалары жеткілікті деңгейде дамыған болатын. Ақмола облысы республиканың негізгі астықты өңірлерінің бірі әрі ауыл шаруашылығы машиналарын жасау саласының ірі орталығы саналды. Облыстың үлесіне республикадағы астық өндірісінің 19%-ы, мемлекетке өткізілетін астықтың төрттен бір бөлігі және мал шаруашылығы өнімдерінің 10%-ы тиесілі болды. 1992 жылы мал шаруашылығының үлес салмағы 34,9%-ды құрады. Қалада құрылыс индустриясының ірі кәсіпорындары, тамақ және өнеркәсіп зауыттары жұмыс істеді. Қалалық шаруашылыққа қызмет көрсету жүйесі қалыптасқан, халық тұтынатын тауарлар мен ауыл шаруашылығы машиналарын шығару жолға қойылған еді. Барлық жүк тасымалының 60%-дан астамы автомобиль көлігі арқылы жүзеге асырылды. Ақмолада өзінің саябақ аймағы да қалыптастырылған болатын. 1992 жылғы мәліметтер бойынша облыстың жалпы өнеркәсіп өнімдері көлеміндегі салалардың үлесі төмендегідей пайыздық көрсеткіштерді құрады:

1 Кесте

Машина жасау және металл өңдеу өнеркәсібі	29,3
Тамақ өнеркәсібі	14,2
Құрылыс материалдары өнеркәсібі	11,1
Түсті металлургия	8,2
Ұн-жарма өнеркәсібі	6,4
Микробиология өнеркәсібі	4,3
Жеңіл өнеркәсіп	3,8
Орман және ағаш өңдеу өнеркәсібі	1,6

Электр энергетикасы	1,6
Қара металлургия	0,6

Құрылыс индустриясы саласында «Целинтрострой», «Целиноградтяжстрой», «Агро-промстрой» және басқа да трестер қызмет атқарды. Күрделі құрылыс базасының құрамына құрылыс материалдары өнеркәсібі мен құрылыс индустриясының 11 кәсіпорны кірді (Ақмола 1995: 67-86). Сонымен қатар қаланың халық санын арттыруға жеткілікті мүмкіндіктері болды. Сәулет саласы мамандарының пікірінше, қаланың орталық бөлігінде жаңа ғимараттар мен тұрғын ықшамаудандар салуға жарамды шамамен 30 гектар бос аумақ болған (Назарбаев 2005: 20). Келтірілген көрсеткіштер астананы көшіру қарсаңында қалада жеткілікті деңгейде дамыған инфрақұрылымның қалыптасқанын және жаңа нысандардың құрылысын қамтамасыз етуге қабілетті кәсіпорындардың жұмыс істеп тұрғанын көрсетеді. Сол кезеңнің өзінде-ақ жаңа астананы дамыту ісі бос жерден басталмайтыны айқын болды. Сондықтан Н. Назарбаевтың Ақмоланың болашақта әлемнің жетекші астаналарымен терезесі тең қалаға айнала алатыны жөніндегі болжамы жан-жақты жүргізілген алдын ала талдауға негізделген және оның табысты жүзеге асуына нақты алғышарттар болған еді.

Ол кезеңде Ақмола қаласының әкімі Аманжол Бөлекпаев болатын. Ақмоланың астана мәртебесін иелену жолындағы алғашқы қадамдары дәл осы тұлғаның басшылығымен жүзеге асырылды. Сондықтан Ақмоланың жаңа астана ретінде қалыптасу үдерісімен тығыз байланысты Аманжол Бөлекпаевтың өмір жолы мен қызметінің кейбір кезеңдеріне қысқаша тоқталған жөн:

БӨЛЕКПАЕВ Аманжол Қуанышұлы: 1941 жылғы 1 қаңтарда Ақмола облысының Новоишимка ауылында дүниеге келген. 1981 жылы Целиноград ауыл шаруашылығы институтын инженер-механик мамандығы бойынша тәмамдаған. Еңбек жолын жүргізуші болып бастаған. Кейін ұзақ жылдар бойы автокөлік саласында қызмет атқарды. Одан кейін бірқатар жауапты басшылық қызметтерде болды: 1983-1987 жылдары Кеңес аудандық атқару комитеті төрағасының орынбасары, 1987 жылы Целиноград жолаушылар автокөлік басқармасының бастығы қызметтерін атқарды. Қазақстан тәуелсіздік алар қарсаңында 1987-1991 жылдары Целиноград қалалық атқару комитетінің төрағасы, 1991-1992 жылдары қалалық кеңестің төрағасы болды. Сондай-ақ 1990-1994 жылдары Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің XII шақырылым депутаты болып сайланды. 1992-1997 жылдары Ақмола қаласы әкімшілігінің басшысы, ал 1995-1997 жылдары қала әкімі қызметтерін атқарды. 1999 жылғы қыркүйекте Астана қаласынан Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты болып сайланды (кейіннен 2005 жылғы 19 тамызда қайта сайланды). Мемлекет игілігі жолындағы ұзақ жылғы жемісті еңбегі үшін 1997 жылы «Құрмет» орденімен, «Құрмет белгісі» орденімен және төрт медальмен марапатталған. Астана қаласының Құрметті азаматы (Ашимбаев 2006: 176; Устинова 2013).

Аманжол Қуанышұлының еңбек жолынан келтірілген деректер оны Ақмола қаласында ұзақ жылдар бойы басшылық қызметтер атқарған, өзі басқарған қаланың ерекшеліктерін жақсы білетін тәжірибелі шаруашылық ұйымдастырушысы ретінде сипаттайды. Бұл жағдайлар Аманжол Бөлекпаевқа Ақмола облысының орталығында

астаналық инфрақұрылымды қалыптастыру және дамыту міндеттерін тиімді жүзеге асыруға мүмкіндік беруі тиіс еді. Сонымен қатар жоғары және орталық мемлекеттік органдар қызметкерлерінің Ақмолаға қоныс аударуы жоспарланғандықтан, жаңа әкімшілік ғимараттар салу және тұрғын үй құрылысының көлемін ұлғайту қажеттілігі туындады. Бұған қоса, жаңа астананы дамытуға мемлекет тарапынан бөлінетін қаржы қаражатының мақсатты әрі тиімді игерілуін бақылауды жолға қою да маңызды міндеттердің бірі болды.

1994 жылы Жоғарғы Кеңес тұрғын үй құрылысын дамытуға 50 миллион АҚШ долларын бөліп, бұл қаражат 9-ықшам ауданды салуға бағытталды. Жаңа нысандарды тұрғызу барысында жаңа астанаға қоныс аударатын мемлекеттік қызметкерлер мен олардың отбасы мүшелеріне арналған тұрғын үй ықшам аудандарын қаланың неғұрлым болашағы зор аудандарында салуға ерекше көңіл бөлінді. Осындай алғашқы тұрғын үй ауданы сол кездегі қаланың әкімшілік орталығына жақын орналасқан Есіл өзенінің оң жағалауындағы «Самал» ықшамауданы болды (Назарбаев 2005: 95-103).

Бір жылдан кейін Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 15 қыркүйектегі заң күші бар «Қазақстан Республикасының астанасы туралы» Жарлығымен Қазақстан Республикасы Парламенті мен Үкіметі көшіп келгенге дейін Алматы қаласының ел астанасы мәртебесін сақтайтыны белгіленді. Ақмолада жоғары және орталық мемлекеттік органдарды жаңа астанаға көшіру жұмыстарын ұйымдастырумен айналысатын Н. Макиевскийдің жетекшілігімен Мемлекеттік комиссия құрылды. Қазақстан Үкіметіне қаланы дамытуға бағытталған бюджеттен тыс қаражаттарды шоғырландыру және мемлекеттік қызметшілерге арналған жаңа әкімшілік ғимараттар мен тұрғын үйлердің құрылысын қаржыландыру мақсатында «Жаңа астана» атты бюджеттен тыс қор құру тапсырылды. Көп ұзамай аталған қор құрылып, оған мемлекеттік меншікті жекешелендіруден түскен табыстың белгілі бір бөлігі аударылды. Сонымен қатар Үкімет болашақ астананы салу мен дамытуға қатысатын инвесторларға жеңілдіктер беру жөніндегі ұсыныстарды әзірлеп, Президенттің қарауына енгізуге міндеттелді. 1995 жылғы қараша айында Қазақстан Республикасы Үкіметі Президенттің тапсырмасы бойынша құрылыс жұмыстарына 17 миллион АҚШ долларын бөлді (Назарбаев 2005: 95-100; Президент Жарлығы 1996: 145).

1996 жылғы 6 шілдеде Қазақстан Республикасының Үкіметі «Қазақстан Республикасының астанасын көшіру туралы» қаулы қабылдады. Ақмолаға астана мәртебесінің берілуі қалада тиісті инфрақұрылым қалыптастыруды, қоныс аударатын мемлекеттік қызметшілер үшін жаңа әкімшілік ғимараттар салуды, сондай-ақ халық санының өсуіне байланысты туындайтын тұрғын үй құрылысы мәселелерін шешуді қажет етті.

Жаңа астананы дамыту үшін қомақты қаржы қажет болды, ал мемлекеттік бюджет қаражатының өзі бұл міндеттерді толық шешуге жеткіліксіз еді. Сондықтан ел басшылығы қосымша инвестиция тартудың жолдарын қарастыруға мәжбүр болды. Бұл үшін салықтық жеңілдіктер қарастырылған, инвесторларға өңірдің жедел дамуына бағытталған өздерінің экономикалық қызметін жүргізуге мүмкіндік беретін арнайы аймақ құру қажет болды. Мұндай аймақтар Қазақстанда бұған дейін де құрылып, еркін экономикалық аймақтар деп аталған болатын. Алайда Жезқазған, Шығыс Қазақстан, Талдықорған, Қарағанды және Маңғыстау облыстарында құрылған алғашқы экономикалық аймақтардың тәжірибесінен айырмашылығы, мемлекет үшін

инвесторлардың назарын нақты өңір үшін басым бағыттар болып саналатын қызмет түрлеріне аудару маңызды болды. Осылайша арнайы экономикалық аймақтарды (АЭА) құру идеясы дүниеге келді. Мұндай аймақтарда басым қызмет түрлерін жүзеге асыру үшін ерекше құқықтық режим енгізіліп, мемлекет тағайындайтын басқарушы компания мен оның басшысы – төраға арқылы басқару жүйесі қарастырылды.

Ақмолада мұндай аймақ ретінде 1996 жылғы 6 қазанда Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың Жарлығымен құрылған Ақмола арнайы экономикалық аймағы белгіленді. Арнайы экономикалық аймақты құру бастамасын Ақмола қаласының әкімі А. Бөлекпаев көтерді. Оның пікірінше, бұл аймақтың құрылуы шетелдік инвестициялардың көптеп тартылуына ықпал етіп, заманауи шаруашылық жүргізу әдістері мен озық технологияларды енгізу арқылы жаңа астананың жедел дамуына мүмкіндік беруі тиіс еді. Арнайы экономикалық аймақ Ақмола қаласының аумағында орналасты. Оның құрылуы кәсіпкерлік белсенділікті арттыруға және шетел мемлекеттерімен сауда-экономикалық ынтымақтастықты күшейтуге бағытталғаны атап көрсетілді. Арнайы экономикалық аймақты құру туралы ережеде жоғары тиімді өндірістерді дамыту, өнімнің жаңа түрлерін шығаруды игеру, ғылыми-техникалық ынтымақтастықты жандандыру, сондай-ақ заманауи өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылымды қалыптастыру көзделген болатын. АЭА бюджетін басқару үшін Инвестициялар қоры мен Экономикалық және әлеуметтік даму қорын құратын Әкімшілік кеңес құрылды. Аймақта жеңілдетілген салық салу тәртібі және еркін кеден аймағының режимі енгізілді. Соның нәтижесінде АЭА аумағына тауарлар әкелу кезінде кедендік салықтар мен баждар алынбады, сондай-ақ Қазақстанның экономикалық саясатының бірқатар реттеу шаралары қолданылмады. Жарлық 1997 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енді. Арнайы экономикалық аймақтың табысты қызметінің нәтижесінде Ақмола қаласының бюджеті жыл сайын АЭА қызметінен түскен табыстың 60 пайызын, ал Ақмола облысының бюджеті 40 пайызын алып отырды. 1996 жылғы қарашада А. Бөлекпаев арнайы экономикалық аймақтың төрағасы болып тағайындалды. (Назарбаев 2005: 95-96; Указ Президента 1996).

1997 жылғы 16 қаңтарда Ақмола арнайы экономикалық аймағының Әкімшілік кеңесінің шешімімен Экономикалық және әлеуметтік даму қорын құру туралы ереже бекітілді. Қорды құрудың негізгі мақсаты Ақмола қаласын жайластыруға және дамытуға қажетті қаржы қаражатын жинақтау болды. Қор қаражаты қаланы абаттандыру мен одан әрі дамытуға жұмсалатын шығындарды қаржыландыруға, сондай-ақ қызметі аймақтың құрылу мақсаттары мен оның болашақтағы дамуын қамтамасыз етуге бағытталған шаруашылық субъектілеріне жеңілдетілген несиелер беруге арналды (Положение о Фонде 1997: 147-148). Ақмола арнайы экономикалық аймағы аумағындағы құрылыс жұмыстары бойынша алғашқы қадамдардың бірі Ақмола әуежайындағы «VIP» ғимаратының құрылысын қаржыландыру туралы шешімнің қабылдануы болды. Бұл жаңа астанаға келетін жоғары дәрежелі қонақтарды қабылдау және шығарып салу қажеттілігіне байланысты жүзеге асырылды. (Решение 1997: 148-149).

Өз қызметінің алғашқы жылында АЭА қоры шамамен 70 миллион АҚШ долларын жинақтай алды. Шетелдік компаниялардың тікелей инвестициялары есебінен тағы шамамен 200 миллион АҚШ доллары тартылды. Осы қаражаттың есебінен жаңа әкімдік ғимаратының, Қазақстан Республикасы Президентінің алғашқы резиденциясының

және «Астана-Бәйтерек» монументінің құрылысы басталды (Назарбаев 2005: 97). Сонымен қатар Ақмолада тұрғын үй құрылысын дамыту бағытында алғашқы нақты қадамдар жасалды. Мысалы, жоғары және орталық мемлекеттік органдарды Ақмола қаласына көшіру жөніндегі Мемлекеттік комиссияның төрағасы Ф. Ғалымовтың атқарылған жұмыстар туралы мәліметіне сәйкес, 1997-1998 жылдары жеті мемлекеттік орган қызметкерлерін көшіру үшін Президент Іс басқармасы шамамен 1500 пәтерді пайдалануға беруді жоспарлаған. Комиссия мен мемлекеттік органдардың бірлескен жұмысының нәтижесінде 1997 жылдың өзінде 700 пәтер салынып, сатып алынды. Сондай-ақ түркиялық «Финтрако» компаниясы 50 коттеджден тұратын тұрғын үй кешенінің құрылысын бастады (Информация 1997: 151–153). Ақмола қаласының 1997 жылғы әлеуметтік-экономикалық даму қорытындылары туралы анықтамада тұрғын үйлер мен әкімшілік ғимараттар құрылысының қарқыны 1996 жылмен салыстырғанда 35,2 пайызға артқаны көрсетілген. Қала кәсіпкерлеріне 229 жер учаскесі мен 22 нысан сатылып немесе беріліп, пәтерлерді қайта жоспарлауға 78 рұқсат берілді².

1997 жылғы 20 қазанда «Ақмола қаласын Қазақстан Республикасының астанасы деп жариялау туралы» Жарлық қабылданды. Аталған Жарлыққа сәйкес Ақмола 1997 жылғы 10 желтоқсаннан бастап ресми түрде Қазақстан Республикасының астанасы болып танылды. Ал Ақмола қаласының Қазақстан Республикасының астанасы ретіндегі салтанатты тұсаукесерін 1998 жылғы 10 маусымда өткізу жоспарланды (Указ Президента 1997: 156).

1997 жылғы 20 қазанда «Ақмола қаласын Қазақстан Республикасының астанасы деп жариялау туралы» Жарлық қабылданды. Аталған Жарлыққа сәйкес Ақмола 1997 жылғы 10 желтоқсаннан бастап ресми түрде Қазақстан Республикасының астанасы болып танылды. Ал Ақмола қаласының Қазақстан Республикасының астанасы ретіндегі салтанатты тұсаукесерін 1998 жылғы 10 маусымда өткізу жоспарланды (Кабульдинов 2007: 153)

1997 жылғы желтоқсанда Ақмола қаласының әкімі қызметіне Әділбек Рысқелдіұлы Жақсыбеков тағайындалды. Ол қалалық әкімшілікті 2003 жылғы маусым айына дейін басқарды. Сонымен қатар ол Ақмола арнайы экономикалық аймағы Әкімшілік кеңесінің төрағасы қызметінде А. Бөлекпаевтың орнына келді. Сол жылдың желтоқсан айында Қазақстан Республикасының жоғары мемлекеттік басқару органдарының қызметкерлері Ақмола қаласына көшіп келе бастады (Летопись Астаны 2006: 9, 32).

Қорытынды

Бүгінгі күн тұрғысынан қарағанда, жаңа астананың тұңғыш әкімі Аманжол Қуанышұлы Бөлекпаев елордалық инфрақұрылымның негізін қалыптастыруға және қаланы Қазақстан Республикасы мемлекеттік билік органдарының көшіп келуіне дайындауға елеулі үлес қосты деп айтуға болады. Оның басшылығы кезеңінде қаланы жайластыруға қажетті қаражатты шоғырландыру мақсатында «Жаңа астана» қоры мен Ақмола арнайы экономикалық аймағының Экономикалық және әлеуметтік даму қоры құрылды. Сондай-ақ инвесторларды тарту арқылы қала мен облыс бюджеттеріне қосымша қаржы түсімдерін қамтамасыз еткен Ақмола арнайы экономикалық аймағы ұйымдастырылды. Осы кезеңде көптеген әкімшілік ғимараттардың құрылысы басталып, тұрғын үй

құрылысы жаңа серпін алды. Жаңа ықшамаудандар мен автомобиль жолдары салынды. Нәтижесінде 1997 жылғы 10 желтоқсаннан бастап Ақмола ресми түрде Қазақстан Республикасының астанасы мәртебесіне ие болды.

Бүгінде Ақмоланың қалыптасу тарихы қазіргі Астананың құрылу тарихының ажырамас кезеңі болып табылады. Дәл сол жылдары Ақмоланың Тәуелсіз Қазақстанның жаңа астанасы ретінде қалыптасуының тарихи тағдыры мен болашақ даму бағытын айқындаған алғашқы маңызды қадамдар жасалды.

Acknowledgements

The authors express their gratitude for the scholarly and editorial support provided during the preparation of this article.

Алғыс білдіру

Авторлар мақалаға ғылыми-редакторлық қолдау көрсеткені үшін алғыс білдіреді.

Благодарности

Автор благодарит за научно-редакторское сопровождение статьи.

Ескертулер

1. Ақмола қаласының жер көлемі туралы ақпарат. Астана қаласының мемлекеттік архиві (әрі қарай АҚММ). 424 қор, 1 тізбе, іс 13, п. 21
2. 1997 жылғы Ақмола қаласының әлеуметтік-экономикалық даму қорытындылары туралы анықтама. АҚММ. 424 қор, 1 тізбе, іс 13, п. 3-7

Әдебиеттер тізімі

Ақмола: Энциклопедия. Алматы: Атамұра. 1995. 400 с.

Аканов К.Г. Становление и развитие Акмолы в качестве новой столицы Республики Казахстан (1994-1997 годы). *Вестник Евразийского гуманитарного института. Научный журнал*. 2015. № 1, с. 18-24.

Аканов К.Г. Начало подготовки города Акмола (Астана) к статусу столицы Республики Казахстан (1994-1997 гг.) В: *Межэтнические и этноконфессиональные отношения: проблемы взаимодействия: матер. всерос. конф. с межд. участием, посв. 130-летию со дня рождения С.И. Руденко*. Уфа, 2015. С. 104-113.

Ашимбаев Д.Р. *Кто есть кто в Казахстане: Биографическая энциклопедия*. Изд. 9-е, доп. Алматы: ИД «Credo», 2006. 832 с.

Ильясова К.М., Багдатова С.А., Аканов К.Г. История переноса столицы современного Казахстана (октябрь 1995 – декабрь 1998 гг.). *История государства*. 2016. № 1, с. 17-26.

Ильясова К.М., Аканов К.Г. Становление и развитие Акмолы в качестве новой столицы Республики Казахстан (1994-1997 годы). *Вестник Евразийского гуманитарного института*. 2015. №1, с. 18-24.

- Ильясова К.М., Аканов К.Г. О работе государственной комиссии Республики Казахстан по передислокации высших и центральных органов в город Акмола (октябрь 1995 – декабрь 1997 г.). *Вестник Евразийского гуманитарного института*. 2016. №1, с. 5-13.
- Информация председателя государственной комиссии по передислокации высших и центральных государственных органов в город Акмолу первому заместителю Премьер-министра Республики Казахстан Есимову А.С. «О проводимой работе по передислокации» 30 апреля 1997 г. В: *Столицы Казахстана: Сборник документов и материалов*. Астана. 2008. № 118, с. 151-153.
- Кабульдинов З.Е. *История Астаны*. Учебное пособие для учащихся общеобразовательных школ. Астана: изд-во «Арман-ПВ». 2007. 200 с.
- «Летопись Астаны»: *Энциклопедия*. Составитель Адильбек Жакып. Издательство «Арай» АО «Астана полиграфия». Астана. 2006. 144 с.
- Назарбаев Н.А. *В сердце Евразии*. Алматы: Атамұра, 2005. 192 с.
- Назарбаев Н. *Казахстанский путь*. Караганда, 2006. 372 с.
- Положение о Фонде экономического и социального развития Акмолинской специальной экономической зоны, утвержденное решением Административного совета АСЭЗ № 3-1-2. 16 января 1997 г. В: *Столицы Казахстана: Сборник документов и материалов*. Астана, 2008. № 114, с. 147-148.
- Постановление Верховного Совета Республики Казахстан от 6 июля 1994 года № 106-XIII «О переносе столицы Республики Казахстан» В: *Столицы Казахстана: Сборник документов и материалов*. Астана, 2008. № 110, с.144
- Решение административного совета Акмолинской специальной экономической зоны о финансировании строительства здания «VIP» Акмолинского аэропорта. 17 февраля 1997 г. В: *Столицы Казахстана: Сборник документов и материалов*. Астана, 2008. № 115, с. 148-149.
- Указ Президента Республики от 15 сентября 1995 года № 2547 «О столице Республики Казахстан» имеющий силу закона. В: *Столицы Казахстана: Сборник документов и материалов*. Астана, 2008. № 111, с. 144-145.
- Указ Президента Республики Казахстан от 9 октября 1996 года № 3127 «О создании специальной экономической зоны города Астаны» (с изменениями от 19.03.98 г.; от 31.03.99 года). Сайт: Информационно-аналитическая система «Ерраво». [Электронный ресурс] URL: http://www.epravo.kz/urist/detail.php?ELEMENT_ID=6600&SECTION_ID=6600 (Дата обращения: 27.03.2024).
- Указ Президента Республики Казахстан от 20 октября 1997 года № 3700 «Об объявлении города Акмолы столицей Республики Казахстан». В: *Столицы Казахстана: Сборник документов и материалов*. Астана, 2008. № 122, с. 156
- Устинова Т. В Астане простятся с Аманжолом Булекпаевым (25.12.2013). [сайт: Zakon.kz]. URL: <https://www.zakon.kz/redaktsiia-zakonkz/4593609-v-astane-prostjatsja-s-amanzholom.html> (Дата обращения: 28.12. 2013)

References

- Akmola: Entsiklopediia*. Almaty: Atamura, 1995. 400 p. (in Russian)
- Akanov K.G. Stanovlenie i razvitie Akmoly v kachestve novoi stolitsy Respubliki Kazakhstan (1994-1997 gody). *Bulletin of the Eurasian Humanities Institute. Scientific journal*. 2015. No. 1, pp. 18-24. (in Russian)

- Akanov K.G. Nachalo podgotovki goroda Akmola (Astana) k statusu stolitsy Respubliki Kazakhstan (1994-1997 gg.) In: *Interethnic and ethnoconfessional relations: problems of interaction: materials of the All-Russian Conferenssion with international participation, dedicated to the 130th anniversary of the birth of S.I. Rudenko*. Ufa. 2015. Pp. 104-113. (in Russian)
- Ashimbaev D.R. *Kto est kto v Kazakhstane: Biograficheskaiia entsiklopediia*. 9th edition, supplemented. Almaty: Publishing House "Credo". 2006. 832 p. (in Russian)
- Iliasova K.M., Bagdatova S.A., Akanov K.G. Istoriia perenosa stolitsy sovremennogo Kazakhstana (oktiabr 1995 – dekabr 1998 gg.). *History of the State*. 2016. No. 1, pp. 17–26. (in Russian)
- Iliasova K.M., Akanov K.G. Stanovlenie i razvitie Akmoly v kachestve novoi stolitsy Respubliki Kazakhstan (1994-1997 gody). *Bulletin of the Eurasian Humanitarian Institute*. 2015. No. 1, pp. 18-24 (in Russian)
- Iliasova K.M., Akanov K.G. O rabote gosudarstvennoi komissii Respubliki Kazakhstan po peredislokatsii vysshikh i tsentralnykh organov v gorod Akmola (oktiabr 1995 – dekabr 1997 g.). *Bulletin of the Eurasian Humanitarian Institute*. 2016. No. 1, pp. 5-13 (in Russian)
- Informatsiia predsedatelia gosudarstvennoi komissii po peredislokatsii vysshikh i tsentralnykh gosudarstvennykh organov v gorod Akmolu pervomu zamestiteliu Premier-ministra Respubliki Kazakhstan Esimovu A.S. «O provodimoi rabote po peredislokatsii» 30 apreliia 1997 g. In: *Capitals of Kazakhstan: Collection of documents and materials*. Astana. 2008. No. 118, pp. 151-153. (in Russian)
- Kabul'dinov Z.E. Istoriia Astany. *Study guide for students of secondary schools*. Astana: publishing house "Arman-PV". 2007. 200 p. (in Russian)
- "*Letopis Astany*": *Encyclopedia*. Compiled by Adilbek Zhakyp. Publishing house "Aray" Joint Stock Company "Astana Polygraphy" Astana. 2006. 144 p. (in Russian)
- Nazarbayev N.A. *V serdtse Evrazii*. Almaty: Atamura. 2005. 192 p. (in Russian)
- Nazarbayev N.A. *Kazakhstanskii put*. Karaganda. 2006. 372 p. (in Russian)
- Polozhenie o Fonde ekonomicheskogo i sotsialnogo razvitiia Akmolinskoi spetsialnoi ekonomicheskoi zony, utverzhdennoe resheniem Administrativnogo soveta ASEZ № 3-1-2. 16 ianvaria 1997 g. In: *Capitals of Kazakhstan: Collection of documents and materials*. Astana. 2008. No. 114, pp. 147-148. (in Russian)
- Postanovlenie Verkhovnogo Soveta Respubliki Kazakhstan ot 6 iiulia 1994 goda № 106-XIII "O perenose stolitsy Respubliki Kazakhstan" In: *Capitals of Kazakhstan: Collection of documents and materials*. Astana, 2008. No. 110, p.144 (in Russian)
- Reshenie administrativnogo soveta Akmolinskoi spetsialnoi ekonomicheskoi zony o finansirovanii stroitelstva zdaniia "VIP" Akmolinskogo aeroporta. 17 fevralia 1997 g. In: *Capitals of Kazakhstan: Collection of documents and materials*. Astana. 2008. No. 115, pp. 148-149. (in Russian)
- Ukaz Prezidenta Respubliki ot 15 sentiabria 1995 goda № 2547 "O stolitse Respubliki Kazakhstan" imeiushchii silu zakona. In: *Capitals of Kazakhstan: Collection of documents and materials*. Astana. 2008. No. 111, pp. 144-145. (in Russian)
- Ukaz Prezidenta Respubliki Kazakhstan ot 9 oktiabria 1996 goda № 3127 "O sozdanii spetsialnoi ekonomicheskoi zony goroda Astany" (s izmeneniiami ot 19.03.98 g.; ot 31.03.99 goda). Site: Information and analytical system "Epravo". [Electronic resource]. URL: <http://www.epravo.kz/urist/detail.php?> (Date of access: 27.03.2024) (in Russian)
- Ukaz Prezidenta Respubliki Kazakhstan ot 20 oktiabria 1997 goda № 3700 "Ob obieivlenii goroda Akmoly stolitse Respubliki Kazakhstan". In: *Capitals of Kazakhstan: Collection of documents and materials*. Astana. 2008. No. 122, p. 156 (in Russian)

Ustinova T. V *Astane prostiatsia s Amanzholom Bulekpaevym* (25.12.2013). [site: Zakon.kz]. URL: <https://www.zakon.kz/redaktsiia-zakonkz/4593609-v-astane-prostjatsja-s-amanzholom.html> (Access date: 28.12. 2013) (in Russian)

Information about authors

Kuanysh G. Akanov – PhD, academic secretary at the Republican State Enterprise on the Right of Economic Management “Research Institute for Jochi Ulus Studies” of the Committee of Science of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan, 15B Aleksandr Pushkin Street, 010000, Astana, Kazakhstan, <https://orcid.org/0000-0002-5169-1388>, gazizuly85@mail.ru

Авторлар туралы мәлімет

Қуаныш Ғазизұлы Ақанов – PhD, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің «Жошы Ұлысын зерттеу ғылыми институты» шаруашылық жүргізу құқығындағы РМК ғылыми хатшысы, А. Пушкин көшесі, 15Б, 010000, Астана, Қазақстан, <https://orcid.org/0000-0002-5169-1388>, gazizuly85@mail.ru

Сведения об авторах

Куаныш Газизович Аканов – ученый секретарь РГП на ПХВ «Научный институт изучения Улуса Джучи» КН МНВО РК, Александра Пушкина, 15Б, 010000, Астана, Казахстан Научного института изучения Улуса Джучи, ул. Туркестан 2, Астана, Казахстан, <https://orcid.org/0000-0002-5169-1388>, gazizuly85@mail.ru

Information about the article / Мақала туралы ақпарат / Информация о статье

Entered the editorial office / Редакцияға түсті / Поступила в редакцию: 01.09.2025

Approved by reviewers / Рецензенттер мақұлдаған / Одобрена рецензентами: 12.010.2025.

Accepted for publication / Жариялауға